

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерация арасындағы өзара қаржылық мәселелерді реттеу туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 9 қазан N 458

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы экономикалық интеграцияны одан әрі тереңдету мақсатында қаулы етемін:

1. 2000 жылғы 29 сәуірде Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өзара қаржылық мәселелерді реттеу туралы U984184_ келісімге өзгеріс енгізу туралы Хаттама бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өзара қаржы талаптарын реттеу туралы

Келісім

(2000 жылғы 24 қазанда күшіне енді - КР СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы,

XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияның рухын басшылық қа ала отырып,

өзара қаржы міндеттемелерін екі жақты шарттарға, келісімдерге және хаттамаларға сәйкес реттеудің қажеттілігін тани отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-Бап

Тараптар өзара мынадай қаржы міндеттемелерін: Қазақстан Тарапынан: жалпы сомасы 1441,1 млн. АҚШ доллары болатын Ресей Федерациясы берген мемлекеттік несиeler мен несиelerді пайдаланғандығы үшін есептелген проценттер бойынша қарызды, соның ішінде;

1992 жылғы және 1993 жылдың қантар-маусым айларының қорытындылары бойынша техникалық несиeler жөніндегі - 1250,0 млн. АҚШ доллары болатын негізгі қарызды және 123,1 млн. АҚШ доллары болатын несиені пайдаланғаны үшін есептелген проценттер бойынша қарызды Қазақстан Республикасы Үкіметінің

мемлекеттік несиесіне қайтадан ресімдеу туралы 1993 жылғы 29 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы келісімге сәйкес;

негізгі қарыз бойынша 68,0 млн. АҚШ доллары болатын 1993 жылғы 29 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1993 жылға арналған Мемлекеттік несие туралы келісімге сәйкес;

Р е с е й Т а р а п ы н а н :

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартына сәйкес 1994-1998 жылдары "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін - 575 млн. АҚШ доллары болатын жалға алу ақысы бойынша қарызды;

1996 жылғы 18-қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын жалға алу туралы шартқа, 1996 жылғы 18-қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ембі сынақ полигонын жалға алу туралы шартқа, 1996 жылғы 18-қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынау орталығының объектілері мен ұрыс аландарын жалға алу туралы шартқа, 1996 жылғы 18-қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен ұрыс аландарын жалға беру туралы шартқа сәйкес 1997-98 жылдары әскери-сынақ полигондарын пайдаланғаны үшін 55 млн. АҚШ доллары жалпы сомасы болатын жалға алу ақысы бойынша қарызды;

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы келісімге сәйкес 1992-1993 жылдары "Байқоңыр" кешені ұстaugа және пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасының мұліктік шығындары және шығыстарын 1318 млн. АҚШ доллары көлеміндегі өтемақыны;

осы бапта аталған полигондарды жалға алу туралы шарттарға сәйкес 1992-1996 жылдары әскери-сынақ полигондарын пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасының жалпы сомасы 137,5 млн. АҚШ доллары болатын мұліктік шығындары мен шығыстарының өтемақысын мойындайды.

2-Бап

Осы Келісімің 1-бабында белгіленген, Қазақстан Республикасының 1992-1993 жылдары "Байқоңыр" кешенін ұстaugа және пайдалануға жұмсаған мұліктік шығындары мен шығыстарын өтеу Ресей Федерациясының 1992-1993 жылдары "

"Байқоңыр" кешенінің негізгі қорын қалпына келтіруге жұмсаған 393,8 млн. АҚШ доллары сомасына азаяды.

3-Бап

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде өзара қаржылық міндеттемелерге шаруашылық субъектілерінің қарыздарын кіргізуге уағдаласты:

"Қазконтракт" АҚ-ның "Росконтракт" ФКК-ге 1993 жыл үшін - 136,6 млн. АҚШ доллары; "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ-ның "Ресей БЭЖ" РАҚ-қа 1994-1996 жылдар үшін 99,6 млн. АҚШ доллары және "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Ресейдің Қатынас жолдары министрлігі мен кәсіпорындарына 1997-1998 жылдар үшін 14,4 млн. АҚШ доллары болатын мемлекеттік компаниялардың міндеттемелері бойынша қарыз.

4-Бап

Тараптар 1691,7 млн. АҚШ доллары сомасында осы Келісімнің 1, 2 және 3-баптарында келтірілген өзара қаржылық міндеттемелердің бір жолғы күшін жоюды жүргізеді.

5-Бап

Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі, оның атқарушы өкімет органдарын қалыптастырудың тәртібі және мәртебесі туралы келісімді Қазақстан бекіткен сәтке дейін 1995 жылдан бастап Байқоңыр қаласында тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарын ұстауға арналып Ресей Тарапы жұмсаған шығындарға өтемеңен бас тартады.

6-Бап

"Байқоңыр" кешенін және әскери сынақ полигондарын пайдаланғаны үшін жалға алу төлемін аудару 1999 жылдан бастап жалға алу шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1999 жылы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалға алу төлемінің бір бөлігін төлеу 65 млн. АҚШ доллары мөлшерінде тауарлармен, 50 млн. АҚШ доллары мөлшерінде ақшалай нысанан жүзеге асырылады.

Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап "Байқоңыр" кешені мен әскери сынақ полигондары үшін жалға алу төлемін төлеуді шаруашылық жүргізуши субъектілердің қарыздарымен байланыстырмайтын болады деп уағдаласты.

7-Бап

Тараптар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Ресей Федерациясының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және Ресей Федерациясының Орталық банкімен, Сыртэкономбанкпен бірлесе отырып, осы Келісімнің шарттарынан туындайтын өзгерістерді есеп айырысу мен есеп жүргізудің техникалық тәртібіне енгізу ді тапсырады.

8-Бап

Осы Келісім Тараптардың ол үшін қажетті мемлекетішлік процедураларды орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабардағы құннен бастап күшіне енеді және осы Келісім бойынша міндеттемелер толық орындалған күні өзінің қолданысын токтатады.

Алматы қаласында 1998 жылғы 8 қыркүйекте әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының

Ресей Федерациясының

Президенті

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өзара қаржылық мәселелерді реттеу туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы

Хаттама

Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1998 жылдың 8 қазанында U984184_ Алматыда, Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өзара қаржылық мәселелерді реттеу туралы келісімге мынадай өзгерістер енгізуге келісті:

1. Келісімнің 3-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тараптар осы Келісімнің шеңберінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің борыштарын өзара қаржылық міндеттемелер үшін:

1993 жыл үшін "Қазконтракт" АҚ мемлекеттік компаниясының "Росконтракт" ФКК алдындағы міндеттемелері бойынша - 136,3 млн. АҚШ доллары;

1994-1996 жылдар үшін "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ-ның "Ресей БЭЖ" алдындағы - 114,3 млн. АҚШ доллары берешегін енгізуге келісті".

Тараптар 1997-1998 жылдар үшін "Қазақстан темір жолы" РМК-ның ЖҚМ және Ресей кәсіпорындары алдындағы 14,4 млн. АҚШ доллары сомасындағы берешектерін өзара қаржылық міндеттемелерден алып тастауға уағдаласты.

2. Осы Хаттама Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы 1998 жылдың 8 қазанында Алматыда, Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өзара қаржылық мәселелерді реттеу туралы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және бұл үшін қажетті ішкімемлекеттік рәсімдерді Тараптардың орындауы үшін соңғы хабарланған күнінен бастап күшіне енді.

2000 жылдың 29 сәуірде Мәскеу қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндердің екеуі де бірдей күшке ие.

Егер, осы хаттаманы пайымдауда пікір қайшылықтары туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы
үшін
Оқылғандар

Ресей Федерациясы
Багров а
Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК